

Қызмет көрсету туралы ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Астана қ.

Осы жария оферта Шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (бұдан әрі – «ҚР АК») сәйкес «GPI-Lab» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «**Орындаушы**») ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады, Жарғы негізінде директор тұлғасында әрекет ететін Юлия Константиновна Якупбаева Орындаушы ретінде осы ұсыныста көрсетілген шарттар бойынша кез келген тұлғамен, яғни кез келген кәмелетке толған әрекетке қабілетті жеке тұлғамен **қызмет көрсету туралы Шарт** жасасуға ұсыныс жасайды.

1. Осы жария офертада пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар

Осы жария оферта Шартының мақсатында төменде келтірілген ұғымдардың мынадай анықтамалары болады:

1.1. **Оферта** - Орындаушының кез келген тұлғаға, яғни әрекетке қабілетті кәмелетке толған жеке тұлғаға онымен Шартта және Сауалнамада қамтылған қолданыстағы талаптарда қызмет көрсету туралы шарт (бұдан әрі – «**Шарт**») жасасуға бағытталған жария ұсынысы. Бұл ұсыныста барлық маңызды шарттар, яғни Шарттың мәні туралы талаптар маңызды заңнамамен танылған немесе Шарт үшін қажет талаптар сондай-ақ Орындаушының өтініші бойынша келісімге қол жеткізілуі тиіс талаптар қамтылады.

1.2. **Тапсырыс беруші** - Офертаны Акцептеу арқылы Шартта қамтылған талаптар бойынша Орындаушымен Шарт жасасқан және/немесе көрсетілген Шартты жасасу ниетімен Орындаушыға жүгінген кез келген кәмелетке толған әрекетке қабілетті жеке тұлға.

1.2. **Акцепт** - Тапсырыс берушінің осы Офертада көрсетілген Шарттың талаптарын толық және сөзсіз қабылдауы. Тапсырыс беруші Оферта Акцептін жүзеге асыра отырып, Шарттың барлық талаптарын Оферта мәтінінде баяндалғандай танысқанына, келісетініне, толық және сөзсіз қабылдайтынына кепілдік береді.

1.3. **Қызметтер** - Офертада/Шартта көзделген тәртіппен және талаптармен Тапсырыс беруші таңдаған және төлеген тапсырыс Шартының талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызметтер нәтижесін алуға бағытталған, Орындаушының Сайтында ұсынылған қызметтер, курстар тізіміне, Қазақстан Республикасының аумағында ұсынылатын Тапсырыс берушінің Сұранысына сәйкес Орындаушымен ұсынылатын қызметтер.

1.4. **Тапсырысты/сауалнаманы** ресімдеу кезінде Тапсырыс беруші көрсеткен қызметтер тізбесінен жекелеген позицияларды қамтитын, Шарттың/Офертаның

ажырамас бөлігі болып табылатын Тапсырыс берушінің тапсырысы/сауалнама – тапсырмасы Орындаушының сайтында.

1.5 **Тапсырыс/Сауалнама** - Тапсырыс берушінің Тапсырысты/Сауалнаманы Орындаушының Сайтында ресімдеу кезінде Тапсырыс берушімен көрсетілген Қызметтер тізбесінен жекелеген позицияларды қамтитын Шарттың/Офертаның ажырамас бөлігі болып табылатын тапсырмасы.

1.6. **Тараптар** - Орындаушы мен Тапсырыс беруші бірлесіп Шарттың/Офертаның тараптары болып табылады.

1.7. **Сайт** - <http://www.gpi.kz> Орындаушының ресми интернет-ресурсы, сондай-ақ оның құрамына кіретін веб-беттердің туындылары.

1.8. **Дербес деректер** - белгілі бір немесеолардың негізінде айқындалатынжеке тұлғаға қатысты, электрондық, қағаз және(немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер.

1.9. **Дербес деректер субъектісі (бұдан әрі - «Субъект»)** - Дербес деректер жататын белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлға.

1.10. **Дербес деректерді өңдеу** - Дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер.

1.11. **Дербес деректерді жинау** - Дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер.

1.12. **Дербес деректерді трансшекаралық тапсыру** - Дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына тапсыру.

Шартта осы Бөлімде айқындалмаған ұғымдар (терминдер) пайдаланылуы мүмкін. Шарттың/Офертаныңмәтінінде терминнің бір мағыналы түсіндірмесі болмаған жағдайда, Орындаушының Сайтында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қолданылатын түсіндірмені басшылыққа алған жөн.

2. Жалпы ережелер

2.1.Орындаушы осы Офертаны Орындаушының Сайтында жариялайды. Қызметтер тізімі Орындаушының Сайтында ұсынылған.

2.2. ҚР АҚ395-бабының 5-тармағынасәйкес бұл ұсыныс кез келген кәмелетке толған әрекетке қабілетті жеке тұлғаға жолданған және жария оферта болып табылады. Төменде баяндалған шарттар қабылданған жағдайда, осы Офертаның акцептін жүргізетін Тапсырыс беруші Шарттың/Офертаның талаптарына сәйкес Орындаушының қызметтеріне ақы төлеуді жүзеге асырады. ҚР АҚ396-бабының 3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің Қызметке ақы төлеуі Офертада баяндалған шарттармен Шарт жасасуғатең депесептелетін Офертаның Акцепті болып табылады. Тапсырыс беруші осы тармаққа сәйкес жасалған Оферта Акцепті Оферта талаптары бойынша Шарт

жасайтындығымен келіседі.

2.3. Осы Шартта/Офертада белгіленген Қызметтерді көрсету шарттарын Тапсырыс беруші Орындаушының ұсынысын қабылдау (Акцептіні) арқылы осы Шартқа/Офертаға тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.

2.4. Тапсырыс беруші Акцептжасаған сәтте:

2.4.1. Тапсырыс беруші Орындаушының ұсынысымен танысқан, келіскен және қабылдаған.

2.4.2. Орындаушы Акцепті алған.

2.4.3. Шарт жасалған, екі жақты қол қоюды қажет етпейтін және электронды түрде жарамды.

2.4.4. Мәміленің жазбаша үлгісі сақталған болып саналады.

2.5. Акцепті жүзеге асыра отырып, Тапсырыс беруші Офертаның/Шарттың мәтінімен танысқан және Орындаушымен ұсынылатын Қызметтерді сатып алу Офертасының/Шартының талаптарымен келіскен болып есептеледі.

3. Шарт мәні

3.1. Орындаушы Орындаушының Сайтында жарияланған Тапсырыс беруші таңдаған талаптарға сәйкес Қызметте ркөрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес өзіне көрсетілген Қызметтерге ақы төлеуге және қабылдауға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен ұсынылатын сұраныстарға, баға регламенттеріне және Орындаушының Сайтында көрсетілген өзге де шарттарға сәйкес қажетті Қызметті таңдайды. Тиісті шарттар, оның ішінде көрсетілетін Қызметтердің мәні, атауы, мерзімі және ұсыну тәртібі және басқа да сипаттамалары, сондай-ақ олардың құны Орындаушының Сайтында ашық қолжетімділікпен көрсетіледі.

3.3. Осы Шарт Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады.

3.4. Орындаушы Қызметтерді көрсету мақсатында Тапсырыс берушінің атынан ұсынылған деректерге, Орындаушы әзірлеген/дайындаған Өтінімге/сауалнамаға сәйкес Қызметтер Орындаушымен ұсынылады.

4. Тапсырысты/Сауалнаманы ресімдеу

4.1. Қызметтердің Тапсырысы/Сауалнамасы Тапсырыс берушімен Орындаушының Сайты/Платформасы арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Қызметті алу үшін Тапсырыс беруші Орындаушының Сайтында/Платформасында тіркелуі тиіс.

4.3. Тіркелу сәтінедейін Тапсырыс беруші осы Шарттың/Офертаның талаптарымен танысуға міндетті. Осы Шартта/Офертада баяндалған талаптармен келіспеген

жағдайда, ол Орындаушының Сайтында тіркеуден өтпеуі және Орындаушымен көрсетілетін қандай да бір Қызметтерді алмауы тиіс.

4.4. Орындаушының сайтында тіркелген кезде Тапсырыс беруші келесідей тіркеу ақпаратын ұсынуға міндеттенеді: • Тапсырыс беруші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты; • электрондық пошта мекенжайы; • байланыс телефоны (ұялы, стационарлық); * тіркеу үшін көзделген өзге де қажетті деректемелер.

4.5 Тапсырыс берушінің осы Шарттың/Офертаның талаптарын қабылдау барысы Тапсырыс берушінің Орындаушының Сайтындағы тіркеу үлгісіне міндетті және өзге де деректерді енгізу арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші өзі туралы тіркеу ақпаратын редакциялауға құқылы. Орындаушы Орындаушының Сайтында тіркелу және Сауалнаманы/Шартты ресімдеу кезінде көрсетілген Тапсырыс берушінің деректерін Қызметтерді орындауға қатысы жоқ тұлғаларға хабарламауға міндеттенеді.

4.6. Тапсырыс беруші Орындаушының Сайтында толтырған тіркеу үлгісі/тіркеу ақпараты осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.7. Орындаушы Тапсырысты ресімдеу кезінде Тапсырыс берушімен ұсынылған ақпараттың мазмұны мен дұрыстығына жауапкершілік алмайды.

4.8. Тапсырыс беруші Тапсырысты ресімдеу кезінде берілген ақпараттың мазмұны мен дұрыстығына жауапты болады.

4.9. Тапсырыс берушінің Сайтта дербес ресімделген Тапсырысты/Қызметті төлеуі Тапсырыс берушінің осы Шарттың/Офертаның талаптарымен және Орындаушының Сайтында көрсетілген Қызметтер көрсету шарттарымен келісуін білдіреді. Тапсырыс берушімен акцепт жасалған сәт Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында Шарт жасасқан күн болып табылады.

4.10. Орындаушының сайтында ұсынылған барлық ақпараттық материалдар анықтамалық сипатта болады және Қызметтердің белгілі бір қасиеттері мен сипаттамалары туралы сенімді ақпаратты толық бере алмайды. Тапсырыс берушіде қызметтердің қасиеттері мен сипаттамаларына қатысты сұрақ тартуындаған жағдайда, Тапсырыс берер алдында ол Орындаушыдан кеңес алуға жүгінуі тиіс.

5. Қызметтерді ұсыну тәртібі және шарты

5.1. Кеңес беруші Тапсырыс берушіге, Орындаушының пікірінше осы Шарт бойынша Орындаушының тиісінше орындауы үшін қажетті және жеткілікті болатын кез келген үлгіде Қызмет көрсетеді. Бұл ретте, Кеңесшімен ұсынылған Қызметтер мен орындалған тапсырмалардың нәтижелері Тапсырыс беруші өкілдерінің түсінуі үшін пәндік, толық, нақты және қолжетімді ақпаратты қамтуы тиіс.

5.2. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіден Тапсырыс беруші ұсынған ақпаратқа және Тапсырыс берушімен Орындаушының сайтында белгіленген үлгіге

сәйкес ресімделген Сұраныстың негізінде Сауалнама деректерін алғаннан кейін ұсынады.

6. Қызметтерді орындау мерзімдері

6.1. Қызметтерді орындау мерзімі Тапсырыс берушімен Тапсырысқа енгізілген Қызметтерді ұсыну шарттарына сәйкес анықталады.

7. Қызметтердің құны және төлемі

7.1. Осы Шарт бойынша Қызметтердің құны Орындаушының сайтында таңдалған опцияға байланысты Тапсырыс берушінің сұранысына сәйкес белгіленеді.

7.2. Осы Шарт бойынша Орындаушының Қызметтеріне ақы төлеу сайтта осы Шартта/Офертта қарастырылған тәсілмен алдын ала 100% (жүз) пайызын төлеу шарттарымен жүргізіледі.

7.3. Осымен Тараптар Тапсырыс берушінің сауалнамалық деректерді орындамауы немесе тиісінше толтырмауы, сондай-ақ Қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асырмауы Орындаушыны Қызметтер ұсынудан босатады, яғни Тапсырыс Тапсырыс берушімен ресімделмеген, Орындаушы алмаған және тиісінше орындауға қабылданбаған болып есептеледі.

8. Тараптардың құқықтары және міндеттері

8.1. Орындаушы құқылы:

8.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа/Офертке қайшы келмейтін жағдайда, осы Шарт/Оферта бойынша Қызметтерді ұсыну құралдары мен әдістерін өз бетінше таңдауға.

8.1.2. Қызметтерді ұсыну үшін Орындаушының пікірі бойынша тиісті мамандарды, сарапшыларды іріктеуді өз бетінше жүзеге асыруға.

8.1.3. Осы Шарт/Оферта бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Тапсырыс берушіден қажетті кез келген қосымша ақпаратты алуға.

8.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды іске асыруға.

8.2. Орындаушы келесідей міндеттеме алады:

8.2.1. Тапсырыс берушімен таңдалған Орындаушының Сайтында көрсетілген нұсқаның шарттарына сүйене отырып, Қызметтерді тиісті түрде ұсынуды ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге.

8.2.2. Қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге Орындаушы Тапсырысты/Сауалнаманы орындау кезеңінде консультациялық, ақпараттық көмек көрсетуге.

8.2.3. Тапсырыс берушіге осы Шартта/Офертада қарастырылған тәртіппен ұсынылған

қызметтер Актісін ұсынуға.

8.2.4. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Шартқа/Офертаға сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

8.3. Тапсырыс беруші құқылы:

8.3.1. Орындаушыдан ресімделген Тапсырысқа сәйкес Қызметтерді тиісті түрде ұйымдастыру және ұсынуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпарат ұсынуды талап етуге.

8.3.2. Орындаушының жедел-шаруашылық қызметіне араласпай, тиісті Қызметтерді ұсыну мерзімі ішінде ресімделген Тапсырысқа сәйкес Қызметтер ұсынудың барысы мен сапасын бақылауға.

8.3.3. Осы Шарт шеңберінде ұсынылған қызметтер Актісін ұсынуды талап етуге.

8.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа/Офертаға сәйкес өзге де құқықтарды іске асыруға.

8.4. Тапсырыс беруші келесідей міндеттеме алады:

8.4.1. Осы Шартты/Офертаны Акцептеуге дейін Шарттың/Офертаның мазмұнымен, сондай-ақ Сайттағы ақпаратпен, оның ішінде Қызметтердің құнымен, үлгісімен және Орындаушының сайтында көрсетілген өзге де деректермен өз бетінше танысуға.

8.4.2. Орындаушының Сайтында Тапсырысты ресімдеу кезінде тіркеу ақпаратын/тіркеу үлгісін нақты деректерді көрсете отырып толтыруға.

8.4.3. Осы Шартқа сәйкес Тапсырыс берушімен Тапсырысқа енгізілген Орындаушының Қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге.

8.4.4. Орындаушыға Шарттың мақсаттары үшін қажетті нақты деректерді ұсынуға.

8.4.5. Танысу үшін Орындаушының Сайтында орналастырылған курстарда оқуға байланысты Орындаушының ережелерімен және өзге де талаптарымен/актілерімен/ішкі құжаттарымен өз бетінше танысуға.

8.4.6. Осы Шарттың/Офертаның тәртібі мен талаптарына сәйкес Орындаушының тиісті түрде ұсынған Қызметтерін уақтылы қабылдауға.

8.4.7. Орындаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз Қызметтерді ұсыну барысында алынған материалдарды, ақпаратты қандай да бір жолмен жаңғыртпауға және таратпауға.

8.4.8. Қызметтерді ұсыну барысында алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға ұқсас Қызметтер ұсыну үшін пайдаланбауға.

8.4.9. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Шартқа/Офертаға сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыруға.

9. Шартты өзгерту және бұзу негіздері. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Осы Шарт жасалған талаптар Тараптардың келісімі бойынша не Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

9.2. Осы Шарт Тараптардың келісімі және/немесе осы Шартта қарастырылған негіздер бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

9.3 Тараптардың әрқайсысы осы Шартты орындаудан басқа Тарапқа бұл туралы мерзімінен бұрын бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама арқылы бас тартуға құқылы.

9.4. Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты жұмсалған шығындарды төлеген жағдайда, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

9.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің кінәсінен болған жағдайды қоспағанда, Тапсырыс берушіге Шартты бұзудан келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға құқылы. Егер Орындаушы Тапсырыс берушінің кінәсінен осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушінің залалдарды өтеуге үміткер болуға құқығы жоқ.

9.6. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынылған Қызметтерді және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты нақты жұмсалған шығындарды шегерумен, осы Шарт бойынша Қызметтер үшін төленген ақшалай қаражатты қайтарады. Орындаушы осы Шартты тоқтату туралы жазбаша хабарлама алған сәттен бастап Шарт бұзылған болып саналады.

9.7. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

10. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

10.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер Тараптардың бұл орындамауы осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажорлық мән-жайлардың) салдарынан, Тараптар болжайалмаған немесе алдын ала алмаған төтенше сипаттағы мән-жайлардың нәтижесінде туындаған болса, онда жауапкершіліктен босатылады.

10.2. Осы Шартта қолданылатын «форс-мажорлық мән-жайлар» термині еңсерілмейтін күшті, ереуілдерді, локауттарды немесе өзге де өнеркәсіптік тәртіпсіздіктерді, мемлекет жауының іс-қимылдарын, билік немесе басқару органдарының Тараптың өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін шешімдерін/актілерін, соғыстарды немесе әскери іс-қимылдарды, блокадаларды, көтерілістерді, толқуларды, эпидемияларды, көшкіндерді, жер сілкіністерін, дауылдарды, су тасқынын, азаматтық толқулар, жарылыстар және кез келген Тараптың бақылауынан тыс және ешбір Тарап өз күш-жігерін жұмсау арқылы еңсере алмайтын кез келген басқа ұқсас

оқиғалар екенін білдіреді.

10.3 Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауына байланысты өзінің шарттық міндеттемелерін орындай алмайтын Тарап бұл туралы екінші Тарапқа кешіктірмей тез арада жазбаша хабарлауы тиіс.

10.4. Хабарламада мән-жайлардың сипаты туралы деректер, сондай-ақ осы мән-жайлардың болуын куәландыратын және Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне олардың әсерін бағалауға мүмкіндік беретін ресми құжаттар болуы тиіс.

10.5. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тараптың осы Шарт/Оферта бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа пропорционалды түрде кейінге қалдырылады.

10.6. Егер форс-мажорлық мән-жайлар күнтізбелік 60 (алпыс) күннен артық жалғасатын жағдайда, Тараптар осы Шартты/Офертаны орындаудың қолайлы балама тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе Тараптардың міндеттемелері форс-мажорлық мән-жайлар туындаған сәттен бастап (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) орындау мүмкіндігі тоқтатылады.

11. Дауларды шешу

11.1. Дауды сотқа дейінгі реттеу келіссөздер және талап қою арқылы жүзеге асырылады және міндетті болып табылады. Тараптар дауды сотқа дейінгі реттеудің келесі міндетті тәртібін белгілейді:

11.1.1. Шағым жазбаша үлгіде ұсынылады және оған тиісті Тараптың уәкілетті тұлғасы/Тарап тиісті түрде қол қояды.

11.1.2. Шағымда: талаптар, шағым сомасы және оның негізделген есебі (егер талап ақшалай бағалауға жататын болса); талаптар негізделетін мән-жайлар және оларды растайтын дәлелдемелер; шағымға қоса берілетін құжаттар мен өзге де дәлелдемелердің тізбесі; дауды реттеу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

11.1.3. Шағымды алған Тарап шағымды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оны қарайды және қарау нәтижелері туралы шағымды жолдаған Тарапты жазбаша үлгіде хабардар етеді.

11.1.4. Егер шағымға оны қарау үшін қажетті құжаттар қоса берілмесе, олар ұсыну мерзімін көрсете отырып, шағымды алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде (бірақ, кемінде 2 (екі) күнтізбелік күн) шағым жолдаған Тараптан сұратылады. Талап етілген құжаттарды көрсетілген мерзімде алмаған жағдайда шағым қолда бар құжаттар негізінде қаралады.

11.2. Осы Бөлімге сәйкес барлық шағымдар мен өзге де құжаттарды Тараптар осы Шартта көрсетілген тәртіппен бір-біріне жіберуге құқылы.

11.3. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Орындаушының орналасқан жері бойынша соттың шешуіне тапсырылады.

11.4. Осы Келісім бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

12. Авторлық құқықтар

12.1. Орындаушының <http://www.gpi.kz> Сайтында орналастырылған барлық мәтіндік ақпарат пен графикалық кескіндер Орындаушының және/немесе оның контрагенттерінің меншігі болып табылады.

13. Басқа шарттар

13.1. Осы Шарт Шарты/Офертаны Акцептеу күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт/Оферта бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

13.2. Орындаушы ақпаратты Интернет-ресурста орналастыру арқылы Шартқа/Офертаға, сондай-ақ өнім/қызмет талаптарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы.

13.3. Осы Шарт бойынша Тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері басқа Тараптың жазбаша рұқсатынсыз басқа заңды немесе жеке тұлғаға берілмейді.

13.4. Осы Шарт шеңберіндегі барлық ескертулерді, хабарламалар мен сұраныстарды Тараптар бір-біріне жазбаша үлгіде жолдауы тиіс. Мұндай хабарлама немесе сұраныс егер Тарапқа қолма-қол жеткізілген, электрондық, пошта байланысы арқылы жіберілген немесе Тараптардың кез келгені қосымша жазбаша түрде көрсете алатын Тараптың мекенжайы бойынша жасалған немесе жолданған болса тиісті түрде жіберілген немесе жасалған болып есептеледі. Бұл ретте: Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген ескертулерді, хабарламалар мен сұраныстарды Орындаушының электрондық пошта мекенжайына info@gpi.kz немесе Орындаушымен оның өзгергені туралы Тапсырыс берушіге жіберілген хабарламасында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберуге құқылы. Келіп түскен барлық ақпарат қысқа мерзімде өңделеді. Орындаушы жоғарыда көрсетілген ескертулерді, хабарламаларды және сұраныстарды Тапсырыс беруші Орындаушының Сайтында тіркеу кезінде/Тапсырыс берушінің Шарт/Офертаның талаптарын қабылдау барысында толтырған байланыс деректерінде/тіркеу ақпаратында/тіркеу үлгілерінде немесе оның өзгергені туралы хабарламада көрсетілген Тапсырыс берушінің электрондық пошта мекенжайына жолдауға құқылы.

13.5. Тараптар осы Шарт бойынша қаржылық және бухгалтерлік құжаттарға Тараптардың қолдарыбар сканерленген дананы бір-біріне электрондық поштамен жіберу арқылы, содан кейін қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10(он) күн ішінде

түпнұсқалық қолдары бар құжаттарды пошта байланысы немесе қолма-қол жеткізу арқылы қол қоюға болатындығы туралы келісімге келді. Түпнұсқаларды кезекті ұсыну міндетті болып табылады. Электрондық пошта байланысы арқылы алынған Шарттың даналары түпнұсқалармен тең заңды күшке ие және түпнұсқалардың қолданылу мерзімі болады.

13.6. Егер Шарттың/Офертаның қандай да бір талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарамсыз деп танылса, мұндай талап Шарттан/Офертадан алынып тасталады және Шартта/Офертада қамтылған бастапқы ниеттерге барынша жауап беретін жаңа ережемен ауыстырылады, бұл ретте Шарттың/Офертаның қалған ережелері өзгермейді және күшінде қалады.

13.7. Осы Шартта/Офертада қарастырылмаған барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.

13.8. Шарт орыс, қазақжәне ағылшын тілдерінде жасалды. Шарт мәтіндері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

14. Тараптардың деректемелері:

Орындаушы: «GPI-Lab» ЖШС

БСН 200640022519

Заңды/нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Нұра ауданы, Достық к-сі, 2 ғимарат, 2 е.м.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ

Астана өңірлік филиалы

БИК HSBKKZKX

ЖСК: KZ21601A871002250261 (KZT)

Кбе 17

Тел.: +7 (717)279-27-42

E-mail: info@gpi.kz

Директор: Юлия Константиновна Якумбаева